

«Репортер» республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Ұрпақ +» мәдени-білім беру жобасын іске асыру аясында жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілері арасында «Репортер» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

Байқау жас журналистерге және бұл салада өзінің күшінін сынағысы келген білім алушыларға арналады.

2. Байқау мақсаты: білім беру ұйымдарындағы ең дарынды білім алушыларды анықтау және олардың журналистика саласындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

1) жастар мен білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына және кәсіптік бағдар алуына қосымша мүмкіндіктер жасау;

2) білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, өзін-өзі тануына жағдай жасау;

3) білім алушы жастардың шығармашылық құзыретін дамыту;

4) білім алушыларды сапалы ақпараттық және медиа ресурстарын құрастыруға және дамытуға қатыстыру;

5) жалпы қоғамның ақпараттық мәдениетін арттыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары 2016 жылғы **5 тамызға** дейін konkurs.reporter@mail.ru электрондық поштаға қабылданады. Байқауға 2016 жылғы **5 тамыздан** кейін түскен және Ережеге сәйкес келмеген байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары мен қатысушылар сертификаттары 2016 жылғы **20 тамызда** www.ziyatker.org сайтына орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 72-98-99 («Репортер» байқауы).

7. Байқауға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИККZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит

Төлемақы аталуы: «Репортер».

8. Байқауға қатысу үшін konkurs.reporter@mail.ru электронды поштасына жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
- 3) байқауға қатысатын жұмыс.

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

9. Ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы керек.

10. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің 18 жасқа дейінгі білім алушылары қатыса алады:

бірінші жас санаты: 12 жасқа дейінгі балалар;

екінші жас санаты: 13-15 жас;

үшінші жас санаты: 16-17 жас.

11. Байқау жұмыстары келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- «Өнертапқыштар және идеялар әлемі»;
- «Инновация әлемі»;
- «Сәулет және құрылыс»;
- «Жер және ғарыш»;
- «Адамдар және ғылым»;
- «Үздік жаналықтар фотосуреттері»;
- «Пайдалы кеңестер».

Жұмыстар публицистика стилінде: мақала, жариялама, қатынас қағазы, эссе және т.б. қатысушының жас ерекшелігіне сәйкес орындалуы тиіс. Жұмыстың көлемі таңдалынған жанрға сәйкес болуы керек. Жұмысқа қоса жеке жинақта авторлық суреттемелерді (фотосурет, сызба, сурет) жіберуге болады.

Қойылатын өлшемдері:

- 1) байқаудың тақырыбына сәйкестігі;
- 2) материалдарды еркін меңгеруі;
- 3) тақырыптың ашылуы;
- 4) орындаудың көркемдік ерекшелігі;
- 5) уақыт талабына сәйкестігі.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

12. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

13. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: 8(7172) 72 98 99 («Репортер» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Репортер» байқауы → жалғасы.

Ережеге
1 қосымша

Республикалық интернет-байқауына қашықтықтан қатысуға өтінім

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекен-жайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аты, жұмыстың номинациясы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8